

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТЕРЛІГІ

2025-11-02

№ 11-02-354

Алғашқы тіркелген күні: 2025-11-02

Министерство юстиции Республики Казахстан

произведена государственная регистрация

юр. лица

2025-11-02

940440002936

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы «14 желтоқсан» № 4/701
қаулысына 3 қосымша

Алматы қаласы Білім басқармасының
«Шоқан Уәлиханов атындағы № 12 мамандандырылған гимназия»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ

2025-11-02 354
11 02 354
2025 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Алматы қаласы Білім басқармасының «Шоқан Уәлиханов атындағы № 12 мамандандырылған гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мамандандырылған гимназия) білім алушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес жаратылыстану-математикалық және оқытудың өзге де бағыттары бойынша кеңейтілген және тереңдетілген білім беруді қамтамасыз ететін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін және қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мамандандырылған гимназия Алматы қаласы әкімдігінің _____ жылғы «_____» _____ № _____ қаулысына сәйкес қайта аталды.

3. 2. Мамандандырылған гимназияның құрылтайшысы (бұдан әрі - Құрылтайшы) Алматы қаласының әкімдігі болып табылады.

4. Тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ оған байланысты Мамандандырылған гимназияның мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган «Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқару органы) болып табылады.

5. Мамандандырылған гимназияның атауы:

мемлекеттік тілде: Алматы қаласы Білім басқармасының «Шоқан Уәлиханов атындағы № 12 мамандандырылған гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: Коммунальное государственное учреждение «Специализированная гимназия № 12 имени Шокана Уалиханова» Управления образования города Алматы.

6. Мамандандырылған гимназияның орналасқан жері: 050010, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Шоқан Уәлиханов көшесі, 79 үй.

2-тарау. Мамандандырылған гимназияның заңдық мәртебесі

7. Мамандандырылған гимназияның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және өз атауы жазылған мөрі болады.

8. Мамандандырылған гимназия Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

9. Мамандандырылған гимназия өз міндеттемелері үшін қолында бар қаражатымен жауап береді. Егер Гимназияда қаражат жеткіліксіз болса, Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражаты есебінен өзінің міндеттемелері бойынша субсидиарлық жауапкершілікте болады.

10. Мамандандырылған гимназияның азаматтық-құқықтық мәмілелері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

3-тарау. Мамандандырылған гимназия қызметінің мәні мен мақсаттары

11. Мамандандырылған гимназия қызметінің мәні білім алушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес оқытудың қоғамдық-гуманитарлық және өзге де бағыттары бойынша кеңейтілген және тереңдетілген білім беруді қамтамасыз ететін оқу бағдарламалары мен мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді және олардың негізінде әзірленген мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

12. 10. Мамандандырылған гимназия қызметінің мақсаты:

1) кәсіби білім беру бағдарламаларын саналы түрде таңдауға және игеруге дайын, қоғамдағы өмірге бейімделген мәдениеті жоғары деңгейдегі зияткерлік тұлғаны қалыптастыру;

2) дарынды, оқу әрекетіне қабілетті оқушыларды анықтау;

3) оқытудың инновациялық әдістемелері мен технологияларын қолдану арқылы оқушылардың өзіндік танымдық іс-әрекет дағдыларын және шығармашылық қабілеттерін дамыту;

4) шығармашылық әлеуетті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау;

5) Азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерге және қазақ тіліне құрметпен қарауға, халық дәстүрлерін қастерлеуге, конституцияға қайшы және қоғамға қайшы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

6) белсенді азаматтық ұстанымы бар тұлғаны тәрбиелеу, республиканың экономикалық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, құқықтары мен міндеттеріне саналы қатынасын қалыптастыру;

7) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктерімен таныстыру, қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа ұлттардың тарихын, мәдениеттері мен дәстүрлерін зерделеу;

8) оқушылар арасында патриоттық тәрбиені, айналадағыларға төзімділікпен қарауды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, іскерлік қарым-қатынас дағдыларын, тамақтану мәдениетін қалыптастыруды қамтамасыз ету.

13. Өз мақсаттарына жету үшін Мамандандырылған гимназия келесі бағыттарды жүзеге асырады:

1) бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру;

2) негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру;

3) білім алушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес жалпы орта білім беруді жаратылыстану-математикалық және оқытудың өзге де бағыттары бойынша жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру;

4) қосымша жалпы білім беру;

5) оқу процесінде жаңа білім беру технологияларын, оқытудың белсенді нысандарын және аудио-бейнені, компьютерлік техниканы және заманауи ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану;

6) халықаралық сапа стандарттарына бағдарлану;

7) тұрақты жұмыс істейтін оқу курстарын ұйымдастыру (қазіргі заманғы компьютерлік оқыту, информатика, клубтар, фото, музыка, бейнелеу өнері және т.б.);

8) қосымша білім беру (азаматтардың, қоғамның және мемлекеттің білім беру қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында барлық деңгейдегі қосымша білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асырылатын тәрбиелеу және оқыту);

9) мектеп жанындағы лагерь ұйымдастыру;

10) балалар ұжымдарының байқауларын, конкурстарын, көрмелерін, фестивальдерін ұйымдастыру және өткізу;

11) балалар туризмін, оның ішінде халықаралық туризмді ұйымдастыру;

12) білім беру және тәрбиелеу саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту, шетелдік оқу орталықтарымен, мектептермен және колледждермен қарқынды тәжірибе алмасуды жүргізу;

13) баланста тұрған объектілерді ұстау, оларға қызмет көрсету және пайдалану жөніндегі шаруашылық қызметті жүзеге асыру;

14) іргелес инфрақұрылымды дамытуды қамтамасыз ету, материалдық-техникалық базаны нығайту;

13) мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызметтер көрсету;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асыру.

14. Мамандандырылған гимназияның осы Жарғыда бекітілген қызметін жүзеге асыруға, сондай-ақ оның қызметінің мәні мен мақсаттарына сай мамандандырылған маміләлер жасауға құқығы жоқ.

15. Мамандандырылған гимназияның Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе құрылтай құжаттарымен белгілі бір шектелген қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып маміләні маміләсі: басқару органының, Құрылтайшының, прокурордың талап-арамы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тарау. Мамандандырылған гимназияға қабылдау тәртібі

16. Мамандандырылған гимназияға оқуға қабылдау тәртібі білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларымен» (бұдан әрі - Қағида) белгіленеді.

17. Мамандандырылған гимназияға оқуға қабылдау конкурстық негізде (бұдан әрі - конкурс) жүргізіледі.

Мамандандырылған гимназия өзінің интернет-ресурсында конкурстық іріктеу жүргізу кезінде сынып-жиынтықтарды қалыптастыруды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін квотаны орналастырады.

18. Мамандандырылған гимназияға түсетін баланың ата-анасынан немесе өзге де заңды өкілінен конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 ақпанынан 15 сәуіріне дейін жүргізіледі, қосымша мерзімдерді Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы уәкілетті органы белгілейді.

19. Мамандандырылған гимназия басшысының бұйрығымен құжаттарды қабылдау үшін жауапты тұлға тағайындалады. Жауапты тұлға конкурсқа қатысуға үміткерлердің электрондық базасын (мамандандырылған білім беру ұйымының атауы, аты-жөні, ЖСН, сынып, оқыту тілі, электрондық мекенжайы, дипломдардың көшірмелері (бар болса)) құруға жауапты болады.

20. Конкурсқа қатысу үшін баланың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілі белгіленген мерзімде Мамандандырылған гимназияның интернет-ресурсында тіркеуден өтеді немесе Мамандандырылған гимназияның жауапты тұлғасына мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) баланың ата-анасынан немесе өзге де заңды өкілінен өтініш;
- 2) ЖСН көрсетілген баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі;

3) үміткердің электрондық мекенжайын көрсете отырып, ұйымның меріміне расталған фотосуреті бар оқу орнынан баланың анықтамасы;

4) 3x4 мөлшеріндегі 2 дана баланың фотосуреті;

5) халықтың әлеуметтік осал санаттарына жататынын растайтын құжаттардың көшірмелері.

21. Ақпараттық жүйе болған кезде осы тармақта көрсетілген құжаттар электрондық форматта ұсынылады. Ақпараттық жүйе болмаған жағдайда жинақталған құжаттар электрондық мекенжайға жіберіледі немесе жинақталдырылған гимназияның кеңсесіне қағаз форматта ұсынылады.

22. Қабылданатындардың жалпы санынан білім алушылардың 15 % - ы білім алатын халықтың әлеуметтік осал санаттарына мыналар жатады:

ауылдық жерлерден мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардан шыққан балалар;

ата-аналарының бірінің бірінші топтағы мүгедектігі бар балалар;

мүгедектігі бар баласы бар немесе оны тәрбиелеп отырған отбасылар;

жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған отбасыларда тұратын балалар;

төтенше жағдайлар салдарынан шұғыл көмекке мұқтаж отбасылардан шыққан балалар;

аналары «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе баласы «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы отбасылардан шыққан балалар;

экологиялық апаттар, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған отбасылар;

мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді, әскери қызметті атқару кезінде, қарулы кеністігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде қаза тапқан (айып болған) адамдардың отбасылары.

23. Конкурсқа қатысу туралы өтінішті белгіленген мерзімнен кейін беру немесе құжаттарды толық ұсынбау құжаттарды қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылады.

24. Құжаттарды қабылдау аяқталғаннан кейін 2 жұмыс күні ішінде жинақталдырылған гимназияның жауапты тұлғасы тест материалдарын әзірлеу үшін «Дарын» орталығына конкурсқа қатысу үшін білім алушылардың электрондық базасын береді.

25. «Дарын» орталығы басшысының бұйрығымен үміткерлердің электрондық базаларымен жұмыс істеу үшін жауапты тұлға айқындалады.

26. Оқуға қабылдау үшін конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін «Дарын» орталығы конкурстық комиссия құрады.

27. Конкурстық комиссияның құрамына конкурстық комиссияның төрағасы, Қазақстан Республикасы Білім министрлігі Білім саласындағы сапаны бақылау ету комитетінің аумақтық органдарының, «Дарын» орталығының

«Әдістемелік кеңесінің, арнайы мониторингтік топтардың қызметкерлері, Білім беру саласындағы қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіреді.

28. Конкурстық комиссияның төрағасы комиссия мүшелерінің арасынан таңдалады. Комиссия мүшелерінің саны тақ санды, бірақ жеті адамнан кем болмауы тиіс.

29. Мамандандырылған гимназия квоталарды бекітеді:

1) «Мың бала» ауылдық мектептерінен ұлттық зияткерлік олимпиаданың жеңімпаздары үшін 7-сыныпқа қабылданатын білім алушылардың жалпы санының 10% мөлшерінде;

2) Қағиданың 18-1) тармағында көрсетілген халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 5, 6, 7, 8 және 10-сыныптарға қабылданатын білім алушылардың жалпы санының 15% мөлшерінде.

30. Қағиданың 25-тармағында көрсетілген, 5, 6, 7, 8 және 10-сыныптарда қабылданатын білім алушылар жергілікті атқарушы/өкілді органдардың және/немесе меншіктің барлық нысандарындағы білім беру ұйымын басқару органының шешімі бойынша бюджет қаражаты есебінен тыманмен қамтамасыз етіледі.

31. Құжаттарды қабылдау аяқталғаннан кейін конкурстық комиссия ұсыналған құжаттардың іріктеу критерийлеріне сәйкестігін тексереді және ұсыналған құжаттардың түпнұсқаларын сұратады.

32. Мамандандырылған гимназияға іріктеу жүргізу үшін конкурстық материалдарды «Дарын» орталығының оқу-әдістемелік кеңесі әзірлейді және бекітеді.

33. Байқау 15 мамыр мен 15 маусым аралығында, апта сайын сенбі мен жексенбіде өткізіледі. Конкурсты өткізудің қосымша мерзімдерін Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы уәкілетті органы келесі оқу жылы басталғанға дейін белгілейді.

34. Конкурстық іріктеуді өткізу кестесі Мамандандырылған гимназия мен «Дарын» орталығының интернет-ресурстарында конкурс басталғанға дейін 10 жұмыс күні бұрын орналастырылады.

35. Конкурс офлайн режимінде (тестілеу түрінде) өтеді. Оператор конкурсты электронды форматта өткізуді Мамандандырылған гимназиямен келіседі.

36. Конкурсты өткізуге арналған тест материалдарын «Дарын» орталығының қызметкерлері конкурс басталардан бір күн бұрын қағаз нұсқада (қолданылған) Мамандандырылған гимназияға жеткізеді.

37. Конкурс жергілікті атқарушы органдармен келісім бойынша «Дарын» орталығы алдын ала айқындайтын мамандандырылған білім беру ұйымының базасында өтеді. Конкурс және қорытындылау әрбір мамандандырылған білім беру ұйымы бөлінісінде Мамандандырылған гимназияға оқуға түсуге үміткерлер арасында өткізіледі.

38. Білім алушыларды Мамандандырылған гимназияға қабылдаудың тиімділігін қамтамасыз ету үшін ғимаратқа, аудиторияға және конкурстық

тесті өткізілетін орынға іске қосу үшін пайдаланылатын бейнебақылау және аудиобақылау жүйелері орнатылады. Мамандандырылған білім беру ұйымы тесті өткізу үшін техникалық жабдықтармен жарақтандырылады.

39. Оқуға түсушілер үшін тестілеу:

1) 5-сыныпқа пәндер бойынша 40 сұрақ кіреді:

математика және логика-30 сұрақ;

оқу сауаттылығы - 10 сұрақ;

2) 6-сыныпқа пәндер бойынша 60 сұрақ кіреді:

математика және логика-35 сұрақ;

оқу сауаттылығы - 15 сұрақ;

Қазақстан тарихы-10 сұрақ.

3) 7-сыныпқа пәндер бойынша 75 сұрақ кіреді:

математика және логика-55 сұрақ;

оқу сауаттылығы - 10 сұрақ;

Қазақстан тарихы-10 сұрақ.

4) 8-сыныпқа пәндер бойынша 85 сұрақ кіреді (қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін):

математика және логика-30 сұрақ;

оқу сауаттылығы - 15 сұрақ;

қазақ тілі мен әдебиеті - 40 сұрақ.

5) 10-сыныпқа пәндер бойынша 95 сұрақ кіреді:

математика және логика - 60 сұрақ;

оқу сауаттылығы - 10 сұрақ;

Қазақстан тарихы-25 сұрақ.

40. Тестілеуге бөлінген уақыт 5 сыныпта – 60 минут, 6 сыныпта – 90 минут, 7 сыныпта - 120 минут, 8 сыныпта - 150 минут, 10 сыныпта - 180 минутты құрайды (көрсетілген уақытқа тест материалдарын таратуға, жауап парағының секторларын толтыруға, сондай-ақ түсіндіру жұмыстарына қосымша уақыт кірмейді).

41. Тесттің қорытынды нәтижелерін есептеу кезінде дұрыс жауаптар саны «4» (төрт) коэффициентіне көбейтіледі, ал бір қате жауап «1» коэффициентіне көбейтіледі. Осылайша, жалпы қорытынды есептеледі (дұрыс жауаптар + (-) * қате жауап = жалпы қорытынды балл).

42. Нәтижелерді өңдеуді конкурстық комиссия жауап парақтарын тексеру арқылы жүргізеді, нәтижелерді алу «Дарын» орталығының бірыңғай тестілеу жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі. Сауалнама кітабы жарыққа шығарылмайды.

43. Конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша апелляция өткізілмейді.

44. Мамандандырылған гимназияға қабылдау кезінде жинаған баллдардың саны бірдей болған кезде «Дарын» орталығы облыстық, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармалары өткізетін республикалық конкурстарға қатысу туралы дипломның облыстық кезеңінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері артықшылыққа ие болады.

45. Мамандандырылған гимназияға түсетін үміткерлер үшін конкурстық іріктеу бір турда (тестілеу) өткізіледі.

46. Мамандандырылған гимназияға оқуға үміткерлерді, оның ішінде бағданың 25-тармағының 2) тармақшасында көрсетілгендерді қабылдау Мамандандырылған гимназия бөлінісіндегі бос орындарға сәйкес ең жоғары балл санынан жүзеге асырылады.

47. Үміткерлерді конкурстық іріктеу қорытындылары конкурстық комиссияның хаттамасымен ресімделеді және конкурстық іріктеу өткізілгеннен кейінгі келесі күннен кешіктірілмей «Дарын» орталығы мен мамандандырылған гимназияның интернет-ресурстарында орналастырылады.

48. Конкурс қорытындысы бойынша Мамандандырылған гимназияның басшысы оқу жылы басталғанға дейін конкурстық іріктеуден өткен үміткерлерді Мамандандырылған гимназияға қабылдау туралы бұйрық шығарады.

49. Конкурстық комиссия негізгі бос орындарға кірмеген конкурсқа үміткерлер қатарынан алынған үміткерлердің резервтік тізімін кему тәртібімен жинаған баллдарының сомасы бойынша қалыптастырады және Мамандандырылған гимназияның интернет-ресурсында орналастырады.

50. Резервтік тізімге қабылданған үміткерлер бос орындар болған жағдайда оқу жылы ішінде Мамандандырылған гимназияға қабылдануы мүмкін. Бос орындардың болуы Мамандандырылған гимназияның интернет-ресурсында орналастырылады.

51. 8, 10-сыныптарда орындарды босату кезінде Мамандандырылған гимназия Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес конкурстық іріктеуді дербес жүргізеді, бірақ оқушылардың бекітілген санынан аспайды.

52. Дарынды балалардың әскери іс, спорт, өнер, тіл және әдебиет негіздерін терең игеруіне бағытталған білім беруді қамтамасыз ететін мамандандырылған білім беру ұйымдары мектеп Жарғысына сәйкес функционалдық кәсіптік, психологиялық, шығармашылық және физиологиялық деректерді ескере отырып, үміткерлердің екінші туры өткізеді.

5-тарау. Мамандандырылған гимназияда іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі

53. Мамандандырылған гимназияда мазмұнына және олардың бағытына сәйкес білім беретін оқу бағдарламалары қолданылады, олар мыналарға бөлінеді:

1) жалпы білім беру (жұмыс бағдарламасы);

2) маманға білім беру бағдарламалары.

54. Жалпы білім беретін бағдарламалар жеке тұлғаның жалпы және маманға білім беретін мәдениетін қалыптастыру, жеке тұлғаны қоғамдағы өмірге

бейімдеу мәселелерін шешуге және мамандықты саналы түрде таңдау үшін негіз құруға бағытталған тиісті типтік оқу бағдарламалары негізінде әзірленеді.

55. Қосымша бағдарламалар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік бағдарламаларында көзделген қосымша арнайы курстар мен дамытушылық сабақтар өткізу үшін әзірленеді. Қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламалары жеке өзін-өзі анықтауды, білім алушылардың шығармашылығын дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру, қоғамдағы өмірге бейімделу, азаматтық өзін-өзі тануды, жалпы мәдениетті, салауатты өмір салтын қалыптастыру, мазмұнды бос уақытты ұйымдастыру үшін жағдайлар жасауды көздейді.

56. Жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мазмұнына қарай келесі оқу жоспарларына бөлінеді:

- 1) бастауыш білім беру;
- 2) негізгі орта білім беру;
- 3) жалпы орта білім беру.

I деңгей - 1-4 сыныптар

Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін дамытуға, оқу іс-әрекетіндегі оң талпынысы мен алғырлығын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.

II деңгей - 5-9 сыныптар

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін игеруіне, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлғаның өзін-өзі анықтауына және кәсіби бағдарлануына бағытталған.

III деңгей - 10-11 сыныптар

Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары білім алушылардың бағдарланған кәсіптік даярлығын жүзеге асыру үшін жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша бейіндік оқытуды енгізе отырып, саралау, интеграциялау және кәсіптік бағдарлау және білім беру мазмұны негізінде әзірленеді.

57. Оқытудың жаңа технологияларын сынақтан өткізу, білім берудің жаңа мазмұнын енгізу үшін Мамандандырылған гимназияда іске асырылатын эксперименттік, авторлық және бейімделген білім беру оқу бағдарламалары әзірленеді.

6-тарау. Мамандандырылған гимназияда оқу процесін ұйымдастыру тәртібі

58. Мамандандырылған гимназияда білім беру процесінің субъектілері білім алушылар, оқытушылар құрамы, оқушылардың ата-аналары немесе басқа заңды өкілдері болып табылады.

59. Мамандандырылған гимназия оқу процесін жалпы орта білім беру деңгейлерінің: бастауыш (1-4 сыныптар), негізгі орта (5-9 (10) сыныптар) және жалпы орта (10-11 (12) сынып) жалпы білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

60. Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары (1 деңгей) баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу іс-әрекетіндегі оң уәждемесі мен дағдыларын дамытуға бағытталған: оқудың, жазудың, есептеудің берік дағдылары, тілдік қарым-қатынас тәжірибесі, шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру, негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен игеру үшін мінез-құлық мәдениеті.

Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі - төрт жыл.

61. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары (2-деңгей) білім алушылардың ғылым жүйесінің базистік негіздерін игеруіне, оларда тұлғааралық және этносаралық қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлғаны өзін-өзі анықтауға және кәсіптік бағдарлауға бағытталған.

Жалпы білім беретін оқу бағдарламасы білім алушылардың бейін алдындағы даярлығын қамтиды.

Әр пәннің мазмұнын зерттеу негізгі орта білім беру деңгейінде аяқталады.

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі - бес жыл.

Он екі жылдық білім беруге көшкен кезде негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі - алты жыл.

62. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары (3-деңгей) жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша бейіндік оқытуды енгізе отырып, білім беру мазмұнын саралау, интеграциялау және кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленеді. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі - екі жыл.

63. Мамандандырылған гимназия Қазақстан Республикасының заңнамасында, тиісті үлгідегі білім беру ұйымы қызметінің үлгілік қағидаларында және осы Жарғыда белгіленген шектерде оқу және тәрбие процесін жүзеге асыруда, кадрларды іріктеу мен орналастыруда, ғылыми, қаржы-шаруашылық және өзге де қызметті дербес жүзеге асырады.

64. Мамандандырылған гимназияда оқу қазақ тілінде жүргізіледі.

65. Мамандандырылған гимназиядағы оқу және тәрбие процесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген және іске асырылатын оқу жұмыс бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

66. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес сабақтардың ұзақтығы:

- барлық сыныптарда - 45 минут;

67. Негізгі және орта жалпы білім берудің білім беру бағдарламаларын игеру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын түлектерді міндетті қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

68. Білім беру бағдарламаларын толық меңгерген білім алушылар келесі сыныпқа ауыстырылады. Білім алушыларды ауыстыру, аттестаттау және бітірушілердің тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен айқындалады.

69. Оқу жылын Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы уәкілетті органы белгілейді. Оқу аптасының ұзақтығы, сабақ режимінің ұзақтығы Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы уәкілетті органының талаптары мен санитарлық қадағалау органдарының қорытындысы ескеріле отырып айқындалады.

70. Мамандандырылған гимназияда оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізгі формасы сынып-сабақ формасы болып табылады. Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы уәкілетті органы белгілеген нормаларға сәйкес қашықтықтан оқыту мен экстернатты ұйымдастыру мүмкін болады.

71. Мамандандырылған гимназия білім алушылардың қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде білуін, сондай-ақ мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа сәйкес орыс тілін және шет тілдерінің бірін меңгеруін қамтамасыз етеді.

72. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің оқу жүктемесі, сабақ режимі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар, денсаулық сақтау және білім беру органдарының оқу жоспарлары мен ұсынымдары негізінде дайындалған Мамандандырылған гимназия бекітетін Ережеге сәйкес айқындалады.

73. Денсаулық сақтау жүйесінің ұйымдары білім алушылардың, тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайына, оларға медициналық қызмет көрсетуге жүйелі бақылауды жүзеге асырады. Мамандандырылған гимназия медициналық пункттерге үй-жай ұсынады және білім алушыларға алғашқы медициналық-санитарлық қызмет көрсетеді.

74. Сабақ кестесі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануы мен белсенді демалысы үшін жеткілікті ұзақтықтағы үзілісті көздейді.

75. Білім алушылардың тамақтануын ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалады. Тамақтану сапасын бақылау Мамандандырылған гимназияның әкімшілігі мен медицина қызметкеріне жүктеледі.

76. Әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу-тәрбие процесі мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес мұғалімнің өзі әзірлеген Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы уәкілетті органы ұсынған оқу және күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар негізінде құрылады.

77. Денсаулық жағдайы бойынша ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын азаматтар үшін үйде жеке тегін оқыту ұйымдастырылады.

78. Жалпы білім беру білімін тереңдету, сондай-ақ оқушылардың жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамыту үшін оқу жоспарына арнайы курстар мен факультативтер енгізіледі, сондай-ақ жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытатын сыныптар мен өтемдік оқыту сыныптары құрылады.

79. Оқу жоспарының жекелеген пәндерін зерделеу үшін сыныптарды топтарға бөлу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы негізінде жүзеге асырылады.

80. Мамандандырылған гимназияның құжаттамасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына, үлгі нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

Мамандандырылған гимназияның есептілігі көрсетілген нұсқаулықтың және мемлекеттік статистика органдарының талаптарына сәйкес ұсынылады.

81. Бірінші кезектегі тәртіппен жетім балалардың; ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың; атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалардың, көп балалы, толық емес, аз қамтылған отбасылардың; мүгедек балалардың демалысын және сауықтырылуын ұйымдастыру қамтамасыз етіледі.

82. Педагогтерге тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу жөніндегі педагогтің кәсіптік қызметін әдістемелік сүйемелдеумен немесе білім беру қызметін ұйымдастырумен жүзеге асыратын адамдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңының 10-бабы 1-тармағына сәйкес педагогикалық қайта даярлаудан өткен адамдар жатады.

83. Мамандандырылған гимназия білім алушылардың бойында патриоттық тәрбиені, айналасындағыларға толерантты қарым-қатынасты, іскерлік қарым-қатынас дағдыларын, тамақтану мәдениетін қалыптастыруды, оның ішінде

теңгерімді дұрыс тамақтануды және табиғи және жаңа өнімдерді тұтынуды насихаттау арқылы қамтамасыз етеді.

84. Мамандандырылған гимназия білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен автоматтандырылған ақпарат алмасуды және деректерді өзектендіруді қамтамасыз етеді.

85. Мамандандырылған гимназия білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен ақпараттық өзара іс-қимыл регламентін бекітуді қамтамасыз етеді.

86. Материалдық-техникалық және кадрлық қамтамасыз етуді, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мәселелері бойынша Мамандандырылған Гимназия шарттық негізде оның тиісті қызмет бағытымен жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелермен өзара іс-қимыл жасайды.

87. Мамандандырылған гимназия білім беру саласындағы уәкілетті және жергілікті атқарушы органдардың желісі бойынша, сондай-ақ өз бастамасы бойынша бюджеттен тыс қаражат есебінен халықаралық қызметке қатысады.

88. Мамандандырылған Гимназия оқыту, тағылымдамадан өту, тәжірибе алмасу, семинарлар, конференциялар, олимпиадалар, конкурстар жұмысына қатысу бойынша халықаралық қызметті жүзеге асырады.

89. Оқытудың зайырлы сипатын іске асыру және Мамандандырылған гимназияда білім алушылар арасында әлеуметтік, мүлктік және өзге де айырмашылықтар белгілерін жою мақсатында бірыңғай мектеп формасы белгіленді. Киім элементтерін, оның ішінде бас киімдерді және әртүрлі конфессиялардың діни тиесілілігінің атрибуттарын мектеп формасына енгізуге жол берілмейді.

7-тарау. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесіне бақылау, оларды өткізу нысандары мен тәртібі

90. Мамандандырылған гимназияда білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

91. Формативті бағалау, оның ішінде үй жұмысы, білім алушылардың оқу мақсаттарына қол жеткізуіне мониторинг жүргізу және сабақта сараланған жұмысты одан әрі құру үшін жүргізіледі және мұғалімнің ұсынымдары арқылы жазбаша түрде (дәптерлерде немесе күнделіктерде) немесе ауызша жүзеге асырылады.

92. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды оқу жылының бірінші тоқсанынан (жартыжылдығынан) бастап 2-11 (12) сыныптарда барлық

оқу пәндері бойынша мұғалімдер жүргізеді, 1-сыныпта білім алушылардың оқу жетістіктері бағаланбайды.

93. Үйде оқитындарды бағалау кезінде педагог үйде оқитындардың оқу жүктемесін және олар оқыған оқу материалын ескере отырып, сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды әзірлейді.

94. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды бағалау кезінде мұғалім сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды пайдаланады, сондай-ақ білім алушының ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде жеке оқу бағдарламаларын іске асыру кезінде бағалау критерийлеріне өзгерістер енгізеді.

95. Жиынтық бағалау тапсырмаларында Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы уәкілетті органы бекіткен жалпы білім беретін ұйымдарға арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары және факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес білім алушылар өткен материал қамтылады.

96. Оқу жылының қорытындысы бойынша 2-8 (9) және 10 (11) сынып оқушылары үшін аралық аттестаттау өткізілмейді.

97. Білім алушыларды жиынтық бағалау нәтижелері балл түрінде журналға (қағаз/электрондық) қойылады және Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы уәкілетті органы бекіткен Үлгілік қағидаларға сәйкес балдарды ауыстыру шкаласы бойынша тоқсандық және жылдық бағалауға ауыстырылады.

98. Тоқсандық баға қалыптастырушы бағалау қорытындысы мен қорытынды бағалау негізінде 50%-ден 50%-ге пайыздық қатынаста қойылады. Аптасына 1 сағат оқу жүктемесі кезінде жартыжылдықтағы баға формативті бағалау және ТЖБ нәтижелері бойынша қойылады.).

99. Ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтініші бойынша психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы бойынша қайталама оқу жылы - берілетін білім алушыларды қоспағанда, 1-сыныптың білім алушылары екінші оқу жылына қалмайды.

Баланы 1-сыныпта қайта оқыту педагогикалық кеңестің шешімімен ресімделеді.

100. 2-11 (12) сынып оқушыларының оқу пәндері бойынша жылдық бағасы ең жақын бүтінге айналдыра отырып, тоқсандық бағалар сомасының орташа арифметикалық мәні ретінде қойылады және қорытынды баға болып табылады.

101. Жылдық бағасы бір немесе екі пән бойынша «2» болған 2-8 (9) және 10 (11) сыныптардың білім алушылары үшін оқу жылы үшін жиынтық бағалау ұйымдастырылады, ол мектеп жасаған кестеге сәйкес өткізіледі. Қорытынды баға жылдық бағалаудың орташа арифметикалық мәні және оқу жылындағы жиынтық бағалау үшін ең жақын бүтінге айналдырып қойылады. Жылдық бағасы үш және одан да көп пәндер бойынша «2» болған 2-8 (9) және 10 (11) сыныптардың білім алушылары қайтадан оқу жылына қалдырылады.

«3», «4», «5» қорытынды бағалар алған 2-8 (9) және 10 (11) сынып оқушылары келесі сыныпқа ауыстырылады.

102. Бір немесе екі оқу пәні бойынша «2» бағасын қайта алған 2-8 (9) және 10 (11) сыныптардың білім алушылары осы пәндер бойынша оқу жылында қосымша жиынтық бағалауға жатады. Қорытынды баға жылдық бағалаудың орташа арифметикалық мәні және ең жақын бүтінге айналдыру арқылы қосымша жиынтық бағалау үшін бағалау ретінде қойылады. Қосымша жиынтық бағалау жаңа оқу жылы басталғанға дейін жүргізіледі. Қосымша жиынтық бағалаудан «2» бағасын алған кезде білім алушылар қайтадан оқу жылына қалдырылады.

103. Тоқсандық, жылдық және қорытынды бағаларды қайта қарауға жол берілмейді.

104. Негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру білім алушыларды міндетті қорытынды аттестаттаумен аяқталады және нысанда жүргізіледі:

- 1) 9 (10) сынып оқушыларына арналған қорытынды емтихандар;
- 2) білім алушыларға арналған мемлекеттік бітіру емтихандары 11 (12) сынып.

105. Қорытынды аттестаттауға мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандартының (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) талаптарына сәйкес үлгілік жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 9 (10), 11 (12) сыныптардың білім алушылары жіберіледі, оларға белгіленген үлгідегі білім туралы құжаттар беріледі.

8-тарау. Мамандандырылған гимназияны басқару

106. Құрылтайшы заңнамамен белгіленген тәртіпте келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Мамандандырылған гимназияға мүлікті бекітеді;
- 2) Мамандандырылған гимназияның жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 3) Мамандандырылған гимназияны қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды.

107. Мамандандырылған гимназияны жалпы басқаруды Басқару органы жүзеге асырады, ол келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Мамандандырылған гимназияның қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 2) Мамандандырылған гимназия мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 3) Мамандандырылған гимназияның құрылымын және шекті штат санын бекітеді;
- 4) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

5) Мамандандырылған гимназияның басқару органдарының құрылымын, құрылу тәртібін және өкілеттік мерзімін, Мамандандырылған гимназияның шешімдер қабылдау тәртібін айқындайды;

6) Мамандандырылған гимназия басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны қызметінен босатудың негіздерін айқындайды;

7) Мамандандырылған гимназия басшысының ұсынысы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) қызметке тағайындауға және қызметтен босатуға жазбаша келісім береді;

8) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Мамандандырылған гимназияға берілген немесе өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісім береді;

9) Құрылтайшымен келісім бойынша Мамандандырылған гимназияны қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

10) осы жарғыда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен өзіне жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

108. Мамандандырылған гимназия басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

109. Мамандандырылған гимназия басшысы Мамандандырылған гимназия жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, Басқарушы органға тікелей бағынады және Мамандандырылған гимназияға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапкершілікте болады.

110. Мамандандырылған гимназия басшысы дара басшылық және алқалылық қағидаттарында әрекет етеді, Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалған өз құзыретіне сәйкес Мамандандырылған гимназия қызметінің мәселелерін шешеді.

111. Мамандандырылған гимназия басшысының Мамандандырылған гимназияның жарғылық емес қызметті жүзеге асыруына бағытталған әрекеттері еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауапкершілікті қолдануға әкеп соғады.

112. Мамандандырылған гимназия басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) Мамандандырылған гимназия атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Мамандандырылған гимназияның мүддесін қорғайды;

3) шарттар жасасады;

4) сенімхаттар береді;

5) Мамандандырылған гимназияның іссапарларға, тағылымдамадан өтуге, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және персоналды дамытудың басқа да түрлеріне арналған жоспарларын бекітеді;

6) банк шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер орындауы міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) уәкілетті орган тағайындайтын қызметкерлерді қоспағанда, Мамандандырылған гимназия қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) Мамандандырылған гимназия қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады;

10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және Мамандандырылған гимназияның басқа да басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

11) өзіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Басқару органымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

9-тарау. Қызметкерлермен, оқушылармен және олардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен қарым-қатынасты ресімдеу тәртібі

113. Білім алушыларға және білім алушылардың заңды өкілдеріне Мамандандырылған гимназияның Жарғысымен, білім беру қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензиямен және білім беру ұйымының қызметін реттейтін басқа да құжаттармен танысу мүмкіндігі беріледі.

114. Ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер және оқушылар Мамандандырылған гимназияның Жарғысымен сыныптың, жалпы мектептік, ата-аналар жиналыстарында және Мамандандырылған гимназия сайтының беттерінде танысады. Мамандандырылған гимназия мен оқушылардың ата-аналары және басқа да заңды өкілдері арасындағы қатынастар 2 данада жасалған шарт негізінде реттеледі. Бұл шарттар ата-аналарда және Мамандандырылған гимназияда сақталады.

115. Мамандандырылған гимназияның Қамқоршылық кеңесі педагогикалық ұжымға өзін-өзі басқару, қосымша жобаларды қаржыландыру, тәртіп, оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру мәселелерінде көмек көрсетеді, олардың денсаулығын қорғау бағдарламаларына белсенді қатысады.

116. Мамандандырылған гимназия оқушыларының мыналарға құқығы бар:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алу;

2) Мамандандырылған гимназия кеңесінің (педагогтар кеңесінің) шешімі бойынша жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шеңберінде оқыту;

3) оқу жоспарына сәйкес баламалы курстарды таңдау;

4) ақылы негізде өзінің бейімділігі мен қажеттіліктеріне сәйкес қосымша білім беру қызметтерін, білім алу;

5) білім беру ұйымын басқаруға қатысу;

6) қалпына келтіру және бір оқу орнынан екіншісіне ауыстыру;

7) спорт, оқу, мәжіліс залын, компьютерлік сыныптарды және кітапхананы тегін пайдалануға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы жағдай туралы ақпарат алу;

9) өз пікірі мен сенімін еркін білдіру;

10) өзінің адамдық қадір-қасиетін құрметтеу;

11) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермелеу және марапаттау.

117. Мамандандырылған гимназияның білім алушылары:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары саласында білімді, дағдыларды және практикалық дағдыларды меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға және осы Жарғыда көзделген өзге де талаптарды орындауға;

2) оқу жоспарлары мен бағдарламаларында белгіленген тәрбие жұмысының барлық түрлерін жүзеге асыруға;

3) Мамандандырылған гимназияның білім алушылары, педагогикалық ұжымның және басқа да қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

4) өз денсаулығынды күту, рухани және физикалық тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуға;

5) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға;

6) Мамандандырылған гимназияның мүлкіне ұқыптылықпен қарауға міндетті.

118. Оқушылар өз міндеттерін бұзғаны үшін оларға Мамандандырылған гимназияның ішкі тәртіп ережелерінде және Жарғысында көзделген тәртіптік жазалау шаралары немесе білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген өзге де шаралар қолданылуы мүмкін.

119. Білім алушылардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің:

1) ата-аналар комитеттері мен Қамқоршылық кеңесі арқылы Мамандандырылған гимназияның басқару органдарының жұмысына қатысуға;

2) Мамандандырылған гимназиядан өз балаларының оқу үлгерімі, тәртібі және оқу жағдайлары туралы ақпарат алуға;

3) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда өз балаларын оқыту мен тәрбиелеудегі мәселелер бойынша кеңестер алуға;

4) балаларының шарт негізінде қосымша қызметтер алуына құқығы бар.

120. Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер:

1) балалардың өмір сүруі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың интеллектуалдық және дене күшінің дамуын, адамгершілігінің қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) Мамандандырылған гимназияның жарғысында айқындалған ережелерді сақтауға;

4) балалардың Мамандандырылған гимназиядағы сабақтарға қатысуын қамтамасыз етуге;

5) Мамандандырылған гимназия қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

6) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға міндетті.

121. Педагогтың құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

122. Мамандандырылған гимназияда Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 26-бабында көрсетілген адамдармен еңбек шартын жасасуға жол берілмейді.

123. Педагог қызметкердің Конституцияға қарсы, қоғамға жат, діни үгіт-насихат жүргізуге және Мамандандырылған гимназияда саяси топтарды, партияларды ұйымдастыруға, ұлтшылдық және милитаристік идеологияны таратуға, білім алушыларды ереуіл қозғалысына тартуға, тәрбиеленушілер мен білім алушыларға физикалық, моральдық-психологиялық зорлық-зомбылық жасауға құқығы жоқ.

124. Қызметкер мен Мамандандырылған гимназияның еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі негізінде жасалған жеке еңбек шартымен реттеледі.

125. Мамандандырылған гимназия қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және еңбек демалысын беру жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте айқындалады.

10-тарау. Мамандандырылған гимназия мүлкін қалыптастыру тәртібі

126. Мамандандырылған гимназияның мүлкі заңды тұлғаның активтерінен тұрады, оның құны оның балансында көрсетіледі. Мамандандырылған гимназияның мүлкін:

1) оған меншік иесі берген мүлік;

2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де тәсілдерді қарастырады.

127. Мамандандырылған гимназия өзіне бекітілген мүлікті және сметаға сәйкес оған бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетінше мүлкінен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

128. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында Мамандандырылған гимназияға кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған ақша «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 161-бабының 2-тармағында көзделген салаларда мемлекеттік мекемелер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны қоспағанда, тиісті бюджетке есепке алынуға жатады.

129. Егер қосымша қаржыландыру көзі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленбесе, Мамандандырылған гимназияның қызметін Басқару органы бюджеттен не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қаржыландырады.

130. Мамандандырылған гимназия Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізеді және есеп береді.

131. Мамандандырылған гимназияның қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді және бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

11-тарау. Гимназиядағы жұмыс уақыты

132. Мамандандырылған гимназияның жұмыс уақыты ішкі еңбек тәртібі ережелерімен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12-тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

133. Мамандандырылған гимназияның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Құрылтайшының шешімімен ресімделеді және Қазақстан Республикасының «Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңына сәйкес аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өтеді.

13-тарау. Мамандандырылған гимназияны қайта құру және тарату шарттары

134. Мамандандырылған гимназияны қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

135. Мемлекеттік заңды тұлға заң актілерінде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылады.

136. Кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған мемлекеттік заңды тұлғаның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе Құрылтайшы қайта бөледі.

137. Таратылған Мамандандырылған гимназияның ақшасы, осы заңды тұлғаның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақша тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

Приложение 3
к постановлению акимата города Алматы
от «17» декабря 2024 г. № 4/401

Устав
коммунального государственного учреждения
«Специализированная гимназия № 12 имени Шокана Уалиханова»
Управления образования города Алматы

Глава 1. Общие положения

1. Коммунальное государственное учреждение «Специализированная гимназия № 12 имени Шокана Уалиханова» Управления образования города Алматы (далее – Специализированная гимназия) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме учреждения для реализации общеобразовательных и дополнительных образовательных программ начального, основного среднего и общего среднего образования, обеспечивающие расширенное и углубленное образование по естественно-математическое и иным направлениям обучения в соответствии со склонностями и способностями обучающихся.

2. Специализированная гимназия переименована в соответствии с постановлением акимата города Алматы от «___» _____ года № ____.

3. Учредителем Специализированной гимназии является акимат города Алматы (далее- Учредитель).

4. Уполномоченным органом соответствующей отрасли, а также органом, осуществляющим по отношению к нему функции субъекта права в отношении имущества Специализированной гимназии является Коммунальное государственное учреждение «Управление образования города Алматы» (далее – Орган управления).

5. Наименование Специализированной гимназии:
на государственном языке: Алматы қаласы Білім басқармасының «Шоқан Уәлиханов атындағы №12 мамандандырылған гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

на русском языке: Коммунальное государственное учреждение «Специализированная гимназия № 12 имени Шокана Уалиханова» Управления образования города Алматы.

6. Местонахождение Специализированной гимназии: 050010, город Алматы, Медеуский район, улица Чокана Валиханова, дом 79.

Глава 2. Юридический статус Специализированной гимназии

7. Специализированная гимназия имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и со своим наименованием.

8. Специализированная гимназия не может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

